- 10) **KASE** – "Қазақстан қор биржасы" АҚ (ағыл. – Kazakhstan Stock Exchange).
- 11) **ҚРА** – Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі.

1-баптың 2-тармағының 11-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

2-бап. Инсайдерлік ақпаратты бақылаудың негізгі қағидаттары

1. Инсайдерлердің Банктегі инсайдерлік ақпарат бөлігінде белгіленген талаптарды иелік етуін және сақтауын бақылау мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:
 - 1) инсайдерлерге оларды инсайдерлер тізіміне қосу туралы хабарлау;
 - 2) Қағидаларды Банктің корпоративтік сайтында орналастыру және Банктің қызметкерлері болып табылатын инсайдерлерді оқыту арқылы инсайдерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Қағидалармен таныстыру;
 - 3) инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау;
 - 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде инсайдерлік ақпаратты ашу;
 - 5) инсайдерлер Қазақстан Республикасының инсайдерлік ақпаратты қолдану бойынша заңнамасымен және Қағидалармен тыйым салынған әрекеттерін жасаған жағдайда, оларға қатысты шаралар қолдану;
 - 6) осы Қағидалардың 5-бабында көрсетілген тізімге енгізілген тұлғалардың тізімін Ұлттық Банкке/ҚРА талап етуі бойынша ұсыну.

2-баптың 1-тармағының 6-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

2. Банктің қызметкерлеріне және лауазымды тұлғаларына Банктің клиенттері, инвесторлары және серіктестері туралы инсайдерлік ақпаратты жариялауға, өз мақсаттарында қолдануға, үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.
3. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз ашу және пайдалану дерегі туралы білген және күмәнданған Банк қызметкерлері мұндай дерек туралы ақпаратты дереу compliance@fortebank.com электронды адресіне жолдауы тиіс.

3-бап. Банктің инсайдерлік ақпаратының тізбесі

1. Банктің инсайдерлік ақпаратына мыналар жатады:
 - 1) Банктің бағалы қағаздары және олармен мәмілелер туралы ақпарат;
 - 2) Банктің бағалы қағаздарын шығарған (ұсынған) эмитент ретіндегі Банк және оның жүзеге асыратын қызметі туралы, коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат;
 - 2-1) Банктің қызметіне қатысты, көпшілікке қолжетімді емес ақпарат, егер бұл ақпарат Банктің мүлктік және қаржылық жағдайы үшін салдарларға байланысты осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың (туынды қаржы құралдарының) құнына ықпал етуге қабілетті болса, оны ресми түрде ашқан (жариялаған) күнге дейін инсайдерлік ақпаратқа жатады;
 - 3) үшінші тұлғаларға беймәлім өзге ақпарат, оның жария болуы Банктің бағалы қағаздары құнының өзгеруіне және Банк қызметіне ықпал етуі мүмкін.

3-баптың 1-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

2. Банктің корпоративтік оқиғалары туралы инсайдерлік ақпарат:

- 1) Акционерлердің (қатысушылардың) жалпы жиналысында немесе жалғыз акционер (қатысушы) қабылдаған шешімдер;
- 2) Банктің басқару органын (байқаушы кеңес), атқарушы органын (атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар) сайлау туралы, Банктің басқару органының (байқаушы кеңес), атқарушы органының (атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар) құрамын көрсете отырып, сондай-ақ Банктің басқару органының (байқаушы кеңес), атқарушы органының (атқарушы органның қызметтерін жеке-дара жүзеге асыратын тұлғалар) құрамындағы өзгерістер туралы;
- 3) Банктің дауыс беретін акцияларының (қатысу үлесінің) 10 (он) және одан артық процентіне ие акционерлері құрамының өзгеруі;
- 4) Банктің Директорлар кеңесі қабылдаған келесі шешімдер:
 - акционерлердің (қатысушылардың) жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы;
 - акцияларды орналастыру (сату) туралы, сонымен қатар жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі және бағасы туралы;
 - Банктің орналастырылған акцияларды өтеп алуы туралы, егер Банк өтеп алатын акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының бір процентінен асқан жағдайда, оларды өтеп алу бағасы туралы;
 - облигациялар мен туынды бағалы қағаздарды шығару туралы;
 - ірі мәмілелерді және бір уақытта келесі талаптарға жауап беретін мәмілелерді бекіту туралы: жасалуына Банк мүдделілік танытатын мәмілелер болса және құны Банктің уәкілетті органының осындай мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдау күніне Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан артық процентін құрайтын мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты болса;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын және (немесе) өзге ақшалай міндеттемелерін акционерлік қоғамның қарапайым акцияларына айырбастау;
- 6) бір түрдегі Банктің орналастырылған акцияларын екінші түрдегі Банктің акцияларына айырбастау;
- 7) Банктің ірі мәмілелерді және келесі талаптарға жауап беретін мәмілелерді жасауы: жасалуына Банк мүдделілік танытатын және мүлікті сатып алумен немесе иеліктен шығарумен байланысты, Банктің уәкілетті органы мұндай мәмілелерді жасау туралы шешімді қабылдаған күнге құны қоғам активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің 10 (он) және одан артық процентін құрайтын мәмілелер болса. Нәтижесінде Банк активтері мөлшерінің 10 (он) және одан артық процент сомасына мүлік сатып алынатын немесе иеліктен шығарылатын мәміле туралы ақпарат мәміле тараптары, сатып алынған немесе иеліктен шығарылған активтер, мәміле мерзімдері мен талаптары, сондай-ақ мәміле туралы өзге мәліметтерден құралуы тиіс;
- 8) Банктің Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан артық процентін құрайтын сомасына мүлкін кепілге беру (қайта кепілге салу) туралы, сондай-ақ Банктің Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан артық процентін құрайтын сомасына мүлкін кепілден (қайта кепілге салудан) алу;
- 9) Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің жиырма бес және одан артық процентін құрайтын мөлшерде қарыз алу, сондай-ақ осы қарыз бойынша негізгі борыш пен есептелген сыйақыны толығымен өтеу туралы;
- 10) бірінші санаттағы рұқсаттарды алу (токтату, токтата тұру) туралы;
- 11) Банктің негізгі қызмет түрлерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарды өзгертуі;
- 12) Банк әрқайсысының акцияларының (үлестерінің, үлеспұлдарының) он және одан артық процентіне ие ұйымдар тізіміне өзгерістер енгізу;

- 13) құны Банк активтерінің жалпы баланстық құны мөлшерінің он және одан артық процентін құрайтын Банктің мүлкіне тыйым салу (тыйым салуды алу);
- 14) төтенше сипаттағы жағдаяттардың басталуы, нәтижесінде баланстық құны Банк активтерінің жалпы мөлшерінің 10 (он) және одан артық процентін құраған Банктің мүлкі жойылды.
- 15) сотта корпоративтік дау бойынша іс қозғау;
- 16) Банкті мәжбүрлі түрде тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы, сондай-ақ оның еншілес және тәуелді ұйымдарын мәжбүрлі түрде тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы сот шешімі;
- 17) Банктің жарғысына, Банктің эмиссиялық бағалы қағаздарын шығару проспектісіне сәйкес Банк акционерлерінің (қатысушыларының) және (немесе) инвесторларының мүддесін қозғайтын өзге оқиғалар.

3-баптың 2-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

3. Алынып тасталды.

3-баптың 3-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

4. Инсайдерлік ақпаратқа мыналар жатпайды:

- 1) жалпыға бірдей қолжетімді мәліметтер негізінде дайындалған ақпарат, сонымен қатар инвестициялық шешімдерді қабылдау және/немесе бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) операцияларды жүзеге асыру туралы ұсыныстарды дайындау мақсатында жасалған бағалы қағаздың (туынды қаржы құралының) құнына, Банктің мүлктік жағдайына қатысты зерттеулер, болжамдар және бағалау;
- 2) бұқаралық ақпарат құралдарынан алынған ақпарат;
- 3) шығу көзі беймәлім, тұлғалардың көбінің арасында таралатын, расталмаған ақпарат, Банктің ағымдағы немесе алдағы уақытқа болжаған қызметіне қатысты болжамдар;
- 4) Банк қызметі туралы жалпы жұртқа мәлім ақпарат, оны алу үшін шектеу қойылмаған және шектеулер жоқ немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес ашылуы тиіс.

3-баптың 4-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

4-бап.

Инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі және мерзімдері

1. Банк инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қағидаларда белгіленген тәртіпте және талаптарда, сонымен қатар оның мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқасын Банктің корпоративтік сайтында орналастыру арқылы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда саудасаттықты ұйымдастырушылардың қағидаларына сәйкес ашады.

Қағидалар құжат болып табылады және былай орналастырылады:

мемлекеттік, орыс және ағылшын тілінде Банктің корпоративтік сайтында;

мемлекеттік және орыс тілінде Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеп тұрған қаржылық есептілік депозитарийінің және қор биржасының интернет ресурсында (Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) осы қор биржасының тізіміне енгізілген және болған жағдайда).

4-баптың 1-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

2. Банк инсайдерлік ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауда-саттықты ұйымдастырушылардың қағидаларында және Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте және мерзімде ашады.

Банктің бағалы қағаздарын (туынды қаржы құралдарын) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істеп тұрған қор биржасының тізіміне енгізу кезінде Банк және Банк инсайдерлері деп танылған тұлғалар Банк туралы және ол шығарған (ұсынған) бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) туралы инсайдерлік ақпараттың ашылуын қамтамасыз етеді, оны ашу қор биржасының қағидаларында белгіленген тәртіпте және талаптарда осы бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) сауда-саттық басталғанға дейін олардың құнының өзгеруіне және Банк қызметіне ықпал етеді.

Банктің бағалы қағаздарын (туынды қаржы құралдарын) Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйесінде айналысқа салған кезде, көптеген адамдар арасында инсайдерлік ақпаратты ашуды бағамдайтын хабарламалар Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының мекенжайына жіберіледі, содан кейін олар Банктің ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылады (таратылады).

Банктің бағалы қағаздары (туынды қаржы құралдары) бір уақытта Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін қор биржасының сауда жүйелерінде және шет мемлекеттердің аумағында жұмыс істейтін қор биржаларында айналыста болған кезде, көптеген адамдар арасында инсайдерлік ақпаратты ашуға қатысты хабарламалар бір уақытта барлық қор биржасының мекенжайына жіберіледі, тізіміне эмитенттің бағалы қағаздары енгізілген, кейіннен олар Банктің ішкі бақылау қағидаларында белгіленген тәртіпте және мерзімде орналастырылады (таратылады).

4-баптың 2-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

3. Егер әр түрлі сауда-саттықты ұйымдастырушылардың талаптарында инсайдерлік ақпараттан құралатын хабарламаларды ұсынудың әр түрлі мерзімдері белгіленсе, онда негізге Банктің сауда-саттықты ұйымдастырушыға мұндай хабарламаларды бір уақытта жолдау мақсатындағы ең қысқа ұсыну мерзім алынады. Қалай болғанда да сауда-саттықты ұйымдастырушыға хабарламаны жолдау Банктің корпоративтік сайтындағы тиісті баспасөз хабарламасын таратуынан бұрын жүзеге асырылуы тиіс.

5-бап.

Банк инсайдерлерінің ұйғарымы

Банк инсайдерлері мыналарды мойындайды:

- 1) Банктің Директорлар кеңесінің төрағасы және мүшелері;
- 2) Банк Басқармасының төрағасы және мүшелері;
- 3) Банк Басқармасының құрамына кірмейтін басқарушы және атқарушы директорлар, бас бухгалтер және Банк Басқармасы төрағасының кеңесшілері;
- 4) Кеңсе бағытының қызметкерлері;
- 5) Банк филиалдарының директорлары, Ішкі аудит қызметінің басшысы және қызметкерлері, Корпоративтік хатшы және Корпоративтік хатшы қызметінің қызметкерлері, бас комплаенс бақылаушы, КБҚ басшысы және қызметкерлері;
- 6) мыналарға жауапты Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және қызметкерлері, жеке қызметкерлер:

Банк қызметін құқықтық қолдау (Заң қызметі бағыты);

инвесторларды хабардар ету (Халықаралық қатынастар бағыты, Маркетинг қатынастары мен PR бағыты);

қазынашылық операциялар (Қазынашылық бағыты, Операциялық сервис бағыты (Төлем жүйелері);

5-баптың 6-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы шешіміне (№ 27 отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

5-баптың 6-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

- 7) атқаратын міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа өту рұқсатын алған Банктің өзге қызметкерлері, сонымен қатар Банк филиалдарының да;
- 8) Банктің дауыс беретін акцияларының 10 (он) және одан артық процентін тікелей немесе жанама түрде ұстаушысы және/немесе тікелей немесе жанама түрде иелік етуші болатын тұлғалар;
- 9) Банктің қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым;
- 10) бағалаушы, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және Банкке талаптарында Банктің инсайдерлік ақпаратын ашу қарастырылған шарттарға (сонымен қатар ауызша нұсқаларына) сәйкес қызмет көрсететін басқа тұлғалар;
- 11) тізіміне бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) енгізілген сауда-саттықты ұйымдастырушылар;
- 12) сауда-саттықты ұйымдастырушының Директорлар кеңесінің, сауда-саттықты ұйымдастырушының листингтік комиссиясының мүшелері, олардың сауда жүйесінде Банктің бағалы қағаздарымен және өзге қаржы құралдарымен мәмілелер жасалады;

5-баптың 12-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

- 13) атқаратын міндеттері мен өкілеттіктеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа өту құқығы бар ҚРА, Ұлттық Банктің және оның ведомствосының қызметкерлері, мемлекеттік қызметкерлер;

5-баптың 13-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

- 14) Банк және осы баптың 8), 9), 10) және 11) тармақшаларында көрсетілген, атқаратын міндеттері мен өкілеттіктеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа ие ұйымдар мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және кәсіби ұйымдар;
- 15) осы баптың 8), 9), 10, 11), 14) тармақшаларында көрсетілген, қызметтік дәрежесі мен функционалдық міндеттеріне қарай инсайдерлік ақпаратқа өту рұқсатын алған қызметкерлер;
- 16) осы баптың 1) – 15) тармақшаларында көрсетілген инсайдерлік ақпаратты алған тұлғалар.

6-бап.

Инсайдерлер тізімін жүргізу және өзекті күйде ұстау тәртібі

1. КБҚ Банктің қызметкерлері, құрылымдық бөлімшелері, инсайдерлері ұсынған ақпарат негізінде инсайдерлер тізімінің жүргізілуін және өзекті болуын жүзеге асырады, ол анықталған кезде, электронды пошта немесе электронды құжат айналымы жүйесі арқылы.

КБҚ алынған мәліметтерді «Инсайдерлер тізімі» автоматтандырылған жүйесіне енгізеді.

6-баптың 1-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) сәйкес өзгерістер енгізілді.

2. Банк инсайдерлер тізіміне (осы Қағидалардың 5-қосымшасы) 5-бапта көрсетілген тұлғаларды енгізеді. Инсайдерлер тізімін келесі деректер негізінде тоқсан сайын КБҚ жасайды.

- 1) Қағидалардың 5-бабының 2) – 6) тармақшалары бойынша - Персоналмен жұмыс бағытының ақпараты негізінде;

6-баптың 2-тармағының 1-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 хаттама) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

- 2) Қағидалардың 5-бабының 1) тармақшасы бойынша – Корпоративтік хатшының ақпараты негізінде;
- 3) Қағидалардың 5-бабының 10), 12) тармақшалары бойынша - Қазынашылық бағытының деректері негізінде;

6-баптың 2-тармағының 3-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

6-баптың 2-тармағының 3-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.
- 4) Қағидалардың 5-бабының 8), 10), 11), 12) тармақшалары бойынша - Халықаралық қатынастар бағытының деректері негізінде (Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде сауда-саттықты ұйымдастырушыны листингіге қосу);

6-баптың 2-тармағының 4-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

6-баптың 2-тармағының 4-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.
- 5) Қағидалардың 5-бабының 6), 7) тармақшалары бойынша – Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі бар қызметкерлер бойынша көрсетілген құрылымдық бөлімшелер басшыларының деректері негізінде;
- 6) Қағидалардың 5-бабының 13) тармақшасы бойынша – ҚРА және Ұлттық Банкпен өзара қарым-қатынастағы құрылымдық бөлімшелер басшыларының деректері негізінде;

6-баптың 2-тармағының 6-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.
- 7) Қағидалардың 5-бабының 9), 10), 14), 15) тармақшалары бойынша – тиісті шарттарды бекіткен/жүктелген міндеттеріне қарай осы тармақтарда көрсетілген тұлғалармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері басшыларының деректері негізінде. Бұл тұлғалар Банкке қызмет дәрежесі мен функционалдық міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие қызметкерлері туралы ақпаратты ұсынады.
3. Қағидалардың 5-бабының 9) – 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар бойынша ақпаратты Банктің инсайдерлері 7-бапта көрсетілген мерзімде, сонымен қатар олар туралы ақпаратты КБҚ ұсыну үшін жауапты тұлғалардан хабарлама (Қағидалардың 2-қосымшасы) алғаннан кейін ұсынады.
4. Қағидалардың 5-бабында көрсетілген инсайдерлер тізіміне қосылатын немесе инсайдерлер тізімінен шығарылатын тұлғалар бойынша ақпарат КБҚ-ға compliance@fortebank.com электронды адресіне жіберу арқылы ұсынылады және келесі мәліметтерден құралуы тиіс:
 - 1) инсайдердің тегі, аты, бар болған жағдайда әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін), атауы (заңды тұлғалар үшін);
 - 2) түрі (жеке немесе заңды тұлға);
 - 3) туған күні (жеке тұлғалар үшін);
 - 4) орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін);
 - 5) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігін (қайта тіркелгендігін) растайтын құжаттың деректемелері (заңды тұлғалар үшін);
 - 6) инсайдерлер тізіміне енгізу негіздемесі;

- 7) инсайдерлер тізіміне енгізуге арналған негіздеме пайда болған күн;
 - 8) инсайдерлер тізімінен шығару күні;
 - 9) ақпаратты беру күніне инсайдерлердің Банктің бағалы қағаздарын иелену дерегі туралы мәліметтер (бар болған жағдайда).
5. Қағидалардың 6-бабының 2-тармағында көрсетілген құрылымдық бөлімшелер мен филиалдардың басшылары Қағидалардың 5-бабының 1) – 16) тармақшаларына сәйкес ұсынылатын ақпараттың толықтығы және анықтығы үшін, сондай-ақ оны ұсыну мерзімдерін сақтау және өзекті күйде ұстау (сонымен қатар, инсайдерлер деректемелерінің өзектілігі бөлігінде) үшін дербес жауапкершілік көтереді.
 6. Алынған ақпарат негізінде КБҚ қызметкері есептік тоқсаннан кейінгі айдың 15-не (он бесіне) дейінгі мерзімде есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша инсайдерлердің тізімін жасайды және Бас комплаенс бақылаушымен және/немесе КБҚ басшысымен келіскеннен кейін Банк Басқармасының Төрағасының қолын қойғызады.
 7. КБҚ тоқсан сайын электронды пошта немесе электронды құжат айналымы жүйесі арқылы Халықаралық қатынастар бағытының жазбаша сұранысы бойынша есептік тоқсаннан кейінгі айдың бірінші күніндегі жағдай бойынша жасалған инсайдерлер тізімін жолдайды.

6-баптың 7-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

6-баптың 7-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

8. КБҚ инсайдерлер тізімін Ұлттық Банкке/ҚРА оның талап етуі бойынша талаптарда қарастырылған мерзімде, Қағидалардың осы бабының 4-тармағында көрсетілген ақпаратты көрсете отырып ұсынады.

6-баптың 8-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

6-баптың 8-тармағына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

7-бап.

Тұлғаларға оларды инсайдерлер тізіміне енгізу/ инсайдерлер тізімінен шығару туралы хабарлау тәртібі және мерзімдері

1. Банк келесі тәртіпте Қағидалардың 5-бабының 1) – 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға инсайдерлер тізіміне енгізу (инсайдерлер тізімінен шығару) туралы жазбаша түрде (осы Қағидалардың 1 – 4 қосымшаларында) келтірілген хабарламалар нысаны бойынша) хабарлайды:
 - 1) Корпоративтік хатшы – Қағидалардың 5-бабының 1) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға;
 - 2) Персоналмен жұмыс бағыты - Қағидалардың 5-бабының 2) – 6) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға (Қағидалардың 5-бабының 4), 5) тармақшаларында көрсетілген, инсайдерлер мен қызметкерлердің тізіміне енгізілген Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиал директорлары бөлігінде);

7-баптың 1-тармағының 2-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.
 - 3) Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиал директорлары – Қағидалардың 5-бабының 6), 7) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға (инсайдерлер тізіміне енгізілген Банктің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиал директорлары бөлігінде) және Қағидалардың 5-бабының 9), 10), 14), 15) тармақшаларында көрсетілген тұлғаларға;
 - 4) Халықаралық қатынастар бағыты – Қағидалардың 5-бабының 8), 10), 11), 12) тармақшаларында көрсетілген, инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға;

7-баптың 1-тармағының 4-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

7-баптың 1-тармағының 4-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

- 5) Қазынашылық бағыты – Қағидалардың 5-бабының 10, 12) көрсетілген, инсайдерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға;

7-баптың 1-тармағының 5-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (№ 27 отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

7-баптың 1-тармағының 5-тармақшасына Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы (№ 14 (з) отырыс хаттамасы) шешіміне сәйкес өзгерістер енгізілді.

- 6) инсайдерлік ақпаратты үшінші тұлғаларға берген Банктің инсайдерлері – Қағидалардың 5-бабының 16) тармақшасында көрсетілген тұлғаларға.
2. Хабарламаны жауапты тұлғалар және құрылымдық бөлімшелер, филиалдар мұндай тұлғалар инсайдерлер тізіміне енгізілгеннен (инсайдерлер тізімінен шығарылған) күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей қағаз нұсқада жолдайды. Инсайдерлер тізіміне енгізілген немесе инсайдерлер тізімінен шығарылған Банктің қызметкерлеріне Қағидалардың 1 және 3 қосымшаларына сәйкес нысан бойынша хабарламалар электронды пошта арқылы электронды адрестеріне немесе факс арқылы жолдануы мүмкін, жіберудің тіркелген күнімен хабарламаны және алушы міндетті түрде сақталады.
3. Хабарламалардың көшірмелері КБҚ-ға ақпаратты compliance@fortebank.com электронды адресіне жіберу арқылы жоланады.

8 – бап.

Банктің инсайдерлері болатын ұйымдардың Банкке ақпарат беру тәртібі және мерзімдері

1. Қағидалардың 5-бабының 8) – 11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғалар мыналарды орындауға міндетті:
- 1) қызмет дәрежесі мен функционалдық міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие болған қызметкерлерінің (сонымен қатар лауазымды тұлғаларының) тізімін жүргізуге;
 - 2) қызметкерлеріне инсайдерлік ақпаратты пайдалануға тыйым салу бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының және Қағидалардың талаптары туралы хабарлауға;
 - 3) Банкке Қағидаларда белгіленген тәртіпте қызмет дәрежесі мен функционалдық міндеттеріне қарай Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділікке ие болған қызметкерлері туралы хабарлауға;
 - 4) мұндай қызметкерлермен қызметкерлер қолжетімділігіне ие болған Банктің инсайдерлік ақпаратына қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес құпиялылықты сақтау туралы келісімді бекітуге.
2. 5-баптың 8) –11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген ұйымдар Банкке жазбаша түрде мыналар туралы хабарлайды:
- 1) қызметкерлерге Банктің инсайдерлік ақпаратын алу рұқсаты берілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей Банктің инсайдерлік ақпаратына өту рұқсатын алған қызметкерлер (сонымен қатар лауазымды тұлғалар) туралы хабарлайды;
 - 2) қызметкерлердің (сонымен қатар лауазымды тұлғалардың) Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік өкілеттіктерін тоқтату (жою) туралы, сонымен қатар

қызметкер жұмыстан босатылған/өкілеттіктері тоқтатылған жағдайда мұндай қызметкерлердің Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі тоқтатылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарланады.

3. 5-баптың 8) –11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғалардың Банкті хабардар етуі қағаз нұсқада, тиісті өкілеттіктері бар тұлғаның қол қоюымен жүзеге асырылады.
4. Қағидалардың 5-бабының 8) –11), 14), 16) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар Банктің инсайдерлік ақпаратын және Қағидаларды қолдануға тыйым салу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау, сонымен қатар Банк пен өз қызметкерлеріне (лауазымды тұлғаларын қоса алғанда) қызметкерлердің Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділігі және/немесе осы қолжетімділікті тоқтату (жою) туралы уақытында хабарлау үшін жауапкершілік көтереді.

9-бап.

Инсайдерлер тізіміне/Банктің инсайдерлік ақпаратына қолжетімділік және оны пайдалану ережесі

1. Банкте бұндай міндет болған жағдайда немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес инсайдерлер тізімі Ұлттық Банкке/ҚНА және/немесе сауда ұйымдастырушыларға олардың жазбаша талап етуі бойынша ұсынылады.

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 9-баптың 1-тармағына өзгерістер енгізілді.

2. Инсайдерлер тізімі құпия болып табылады және КБҚ-да сақталады. Банк ішінде инсайдерлер тізіміне қолжетімділік Директорлар кеңесінің Төрағасында және мүшелерінде, Басқарма Төрағасында және мүшелерінде, сонымен қатар Корпоративтік хатшыда, Бас комплаенс-бақылаушыда, Ішкі аудит қызметінің қызметкерлерінде, КБҚ-да, Операциялық сервис бағытында (Төлем жүйелері), Қазынашылық бағытында, Халықаралық қатынастар бағытында, Заң қызметі бағытында бар. Басқа қызметкерлер инсайдерлер тізіміне рұқсатты Бас комплаенс-бақылаушының немесе КБҚ басшысының келісімімен ғана ала алады.

Банктің Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы (отырыстың №27 хаттамасы) шешіміне сәйкес 9-баптың 2-тармағына өзгерістер енгізілді.

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 9-баптың 2-тармағына өзгерістер енгізілді.

3. Банк инсайдерлеріне кез келген уақытта тыйым салынады:
 - 1) бағалы қағаздар нарығындағы жағдайға әсер ету, бағалы қағаздар нарығындағы субъектілердің мінез-құлықтарын өзгерту, сонымен қатар нарық қатысушыларының Банк немесе Банктің бағалы қағаздарының келешектегі бағасы туралы пікірлеріне әсер ету мақсатында дұрыс емес мәліметтер таратуға;
 - 2) бағалы қағаздар нарығында амал-шарғы жасау мақсатында Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасауға;
 - 3) Банктің инсайдерлік ақпаратын өзінің немесе үшінші тұлғалардың мүддесі үшін пайдалана отырып, Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасауға;
 - 4) Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға беруге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етуге, Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Ережеде қарастырылған жағдайларды қоспағанда;
 - 5) үшінші тұлғаларға Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасау туралы кеңестер мен ұсыныстар беруге;

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 9-баптың 3-тармағының 5-тармақшасына өзгерістер енгізілді.

- 6) инсайдерлік ақпарат жария етілгенге дейін Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасауға, Директорлар кеңесінің алдын ала келісімі бойынша жасалатын және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін мәмілелерді қоспағанда.

4. Банк инсайдерлері осы Қағидаларда, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген инсайдерлік ақпаратты ашу тәртібі мен талаптарын сақтауға және Банктің инсайдерлік ақпараты бар құжаттардың оған уәкілеттігі жоқ тұлғаларға қолжетімді болмауын тиісті қадағалауды қамтамасыз етуге, сонымен қатар бұндай ақпараттың құқығы жоқ тұлғалар – Банк және/немесе инсайдер болып табылатын ұйым қызметкерлері (хатшылар, жүргізушілер және т.б.) және Банктің инсайдерлік ақпараты рұқсаты жоқ басқа үшінші тұлғалар естуі мүмкін кез келген орында талқылануынан аулақ болуға міндетті.

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 9-баптың 4-тармағына өзгерістер енгізілді.

5. Банктің инсайдерлік ақпараты рұқсаты бар Банк филиалдарының директорлары және құрылымдық бөлімшелерінің басшылары өздерінің қызметтік міндеттерін орындау үшін бұндай ақпарат талап етілмейтін Банк қызметкерлерінің бұндай ақпаратқа қолжетімділігін шектеу үшін қажетті шаралардың олданылуын қамтамасыз етуге міндетті.
6. Банк инсайдерлерінің Ереже талаптарын бұзғандығы туралы ақпарат алған жағдайда, соның ішінде KASE-тен немесе сыртқы тұлғалардан хат келген жағдайда Банк келесі шешімдердің бірін немесе бірнешеуін қабылдауға құқылы (бірақ бұлармен шектелмейді):
 - 1) инсайдерлік ақпараттың тарау көзін, сонымен қатар кінәлі тұлғаларды анықтау мақсатында тексеріс ұйымдастыруға;
 - 2) Ереженің бұзылуына жол бермеуді талап етуге;
 - 3) сауда ұйымдастырушыға, мемлекеттік және сот органдарына мәмілелерді жарамсыз деп немесе бағалы қағаздар нарығында амал-шарғы жасау мақсатында жасалған деп тану үшін ақпаратты жолдауға;
 - 4) Ереженің сақталуын бақылауды күшейту туралы, соның ішінде реттеу шараларын бекіту;
 - 5) Ереженің сақталуын бақылауды күшейту туралы;
 - 6) қызметкерлерге Қазақстан Республикасының еңбек заңында және Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіптік және/немесе материалдық жаза қолдану туралы;
 - 7) Банк инсайдерінің әрекетінен/әрекетсіздігінен Банктің іскерлік беделіне келтірілген зиянды және/немесе материалдық зиянды өтеу туралы;
 - 8) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес кінәлі тұлғаларды қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін іс материалдарын құқық қорғау органдарына жолдау туралы (қылмыс белгілері болған жағдайда);
 - 9) орын алған оқиға туралы баспасөз хабарламасын шығару;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа шаралар.
7. КБҚ өз бастамасымен кез келген уақытта Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарының тиісті түрде орындалуын, инсайдерлер берген ақпараттардың және мәліметтердің дұрыстығын тексеруге, қажет болған жағдайда растау құжаттарын сұратуға, сонымен қатар ақпаратты Банк Басқармасына және/немесе Директорлар кеңесіне жеткізуге құқылы.
8. Банк қызметкерлері төмендегілер туралы оларға белгілі болған кез келген фактілерді тез арада тікелей басшысына, сонымен қатар КБҚ-ға жеткізуге міндетті:
 - 1) олардың функционалды міндеттеріне сәйкес оларға жарияланбауы тиіс, алайда инсайдерлерден және басқа тұлғалардан оларға белгілі болған Банктің инсайдерлік ақпараты, Банк клиенттері және серіктестері туралы;
 - 2) Банк қызметкерлерінің, инсайдерлердің және олардың жақын туыстарының Банктің, клиенттердің және Банк серіктестерінің инсайдерлік ақпаратын заңсыз пайдалануы, соның ішінде жеке мүддесі үшін пайдалануы туралы;

- 3) бағалы қағаздар нарығында амал-шарғы жасау мақсатында қаржы құралдарымен операция жүргізуге талпыныстар туралы.
9. Қызметкерлерге Банктің инсайдерлік ақпаратына, Банк клиенттері мен серіктестерінің инсайдерлік ақпаратына рұқсат Банктің құрылымдық бөлімшелері/Банк филиалдары туралы ережеде, Банк/Банк филиалдары қызметкерлерінің нұсқаулығында және Банктің басқа ішкі құжаттарында бекітілген функцияларын орындау шегінде ғана беріледі.
10. Банктің еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарымен инсайдерлерге қатысты ақпарат алмасу мәселесі Банктің еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарымен қарым-қатынас тәртібі туралы ережемен реттеледі.

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 9-баптың 10-тармағына өзгерістер енгізілді.

10-бап.

Қорытынды ережелер

1. Қағидада және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтамаған жағдайда, инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдаланған және таратқан жағдайда бұндай бұзушылыққа жол берген тұлғалар азаматтық-құқықтық, әкімшілік және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жауапкершілікке тартылады.

Инсайдерлік ақпаратқа рұқсат алған инсайдерлер және Банктің басқа қызметкерлері Банктің ішкі құжаттарының және Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын ескере отырып, инсайдерлік ақпарат ресми ашылғанға (жарияланғанға) дейін оның құпиялығын қамтамасыз етеді.

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 10-баптың 1-тармағына өзгерістер енгізілді.

2. Банк қызметкерлері болып табылатын инсайдерлер де Қазақстан Республикасының еңбек заңына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
3. Ережемен танысқан Банк инсайдерлері төмендегілермен келіседі:
 - 1) Ережені бұзғаны үшін және бағалы қағаздар нарығында амал-шарғы жасау мақсатында мәміле жасағаны үшін, соның ішінде Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану арқылы, инсайдерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Банктің бағалы қағаздарымен мәміле жасалған елдің заңнамасында қарастырылған дербес жауапкершілікті көтереді;
 - 2) Банк Ұлттық Банкке/ҚНА және/немесе сауда ұйымдастырушының арнайы бөлімдеріне инсайдерлер немесе олар жасаған, бағалы қағаздар нарығында коммерциялық құпия болып табылатын мәмілелер туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында, сауда ұйымдастырушының ішкі құжаттарында, Ережеде белгіленген тәртіпте беруге құқылы;

Банктің Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 15 мамырдағы шешіміне (отырыстың №14 (з) хаттамасы) сәйкес 10-баптың 3-тармағының 2-тармақшасына өзгерістер енгізілді.

- 3) Банктің талап етуі бойынша Банкке қаржы ұйымдарынан онда инсайдерлер клиент, делдал немесе басқа тұлғаның атынан сенімхат бойынша әрекет ететін тұлға болып табылатын осы ұйым арқылы жүзеге асырылатын мәмілелер/операциялар туралы ақпаратты (соның ішінде құпия, банктік немесе заңмен қорғалатын құпия болып табылатын) алуға келісім беруге.
4. Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасы заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес шешіледі.
5. Ережеге өзгеріс және толықтыру енгізу Банктің ішкі құжаттарын әзірлеу, бекіту, өзгерту және/немесе толықтыру және күшін жою ережесінде қарастырылған тәртіпте жүзеге асырылады.

Қосымшалар тізімі

- 1-қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері статусын беру туралы жеке тұлғаға хабарлама;
- 2-қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері статусын беру туралы заңды тұлғаға хабарлама;
- 3-қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері статусын жоғалту туралы жеке тұлғаға хабарлама;
- 4-қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдері статусын жоғалту туралы заңды тұлғаға хабарлама;
- 5-қосымша – "ForteBank" АҚ инсайдерлері тізімінің нысаны.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті
және оны пайдалануды ішкі бақылау
қағидаларына

1-қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері статусын беру туралы жеке тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ _____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) 20__ жылғы "____" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес сіз Банк инсайдері болып танылатындығыңызды хабарлайды.

Осыған байланысты сіз Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялауға қатысты талаптарын, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының талаптарын, сонымен қатар Банктің корпоративтік сайтында (www.forte.bank) орналастырылған Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) талаптарын сақтауға міндеттісіз, соның ішінде:

1. эмитент Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәміле жасағанда Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
2. Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
3. Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы кеңестер бермеуге.

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қағида талаптарын бұзғаны үшін сіз Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтересіз.

Құрметпен,

Орындаған:

Тегі, аты, әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті
және оны пайдалануды ішкі бақылау
қағидаларына

2-қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері статусын беру туралы заңды тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ (бұдан әрі – Банк) _____ (заңды тұлғаның атауы) (бұдан әрі – Ұйым) 20__ жылғы "___" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес Банк инсайдері болып танылатындығын хабарлайды.

Осыған байланысты Ұйым Қазақстан Республикасы заңнамасының Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалану/жариялауға қатысты талаптарын, Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының талаптарын, сонымен қатар Банктің корпоративтік сайтында (www.forte.bank) орналастырылған Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) талаптарын сақтауға міндетті, соның ішінде:

- 1) эмитент Банк болып табылатын бағалы қағаздармен (туынды қаржы құралдарымен) мәміле жасағанда Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдаланбауға;
- 2) Банктің инсайдерлік ақпаратын үшінші тұлғаларға бермеуге немесе үшінші тұлғалар үшін қолжетімді етпеуге;
- 3) Банктің инсайдерлік ақпаратына негізделген бағалы қағаздармен мәміле жасау туралы кеңестер бермеуге;
- 4) қызметтік бабына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлерінің тізімін жүргізуге;
- 5) өз қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының және Қағиданың Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салынғандығына қатысты талаптары туралы хабарлар етуге;
- 6) қызметтік бабына және лауазымдық міндеттеріне байланысты Банктің инсайдерлік ақпаратына рұқсаты бар қызметкерлері туралы Қағидада белгіленген тәртіпте және мерзімде Банкке хабарлауға;
- 7) Ұйым олардың мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктерге және кәсіби ұйымдарға Қазақстан Республикасы заңнамасының, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының және Қағиданың Банктің инсайдерлік ақпаратын пайдалануға тыйым салынғандығына қатысты талаптарын сақтау қажеттігі туралы хабарлауға (бұндай ұйымдарға Банктің инсайдерлік ақпаратын ашқан жағдайда);
- 8) Қағидада белгіленген тәртіпте және мерзімде Банкке Ұйым олардың мүшесі болып табылатын қоғамдық бірлестіктер және кәсіби ұйымдар туралы хабарлауға (бұндай ұйымдарға Банктің инсайдерлік ақпаратын ашқан жағдайда).

Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Қағида талаптарын бұзғаны үшін Ұйым (лауазымды тұлғаларын қоса алғанда) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

Құрметпен,

Орындаған:

Тегі, аты, әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті
және оны пайдалануды ішкі бақылау
қағидаларына

3-қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері статусын жоғалту туралы жеке тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ _____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты) 20__ жылғы "___" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес сіз Банк инсайдері статусынан айырылғандығыңыз туралы хабарлайды.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларымен Банктің корпоративтік сайтында (www.forte.bank) таныса аласыз.

Құрметпен,

Орындаған: Тегі, аты, әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті
және оны пайдалануды ішкі бақылау
қағидаларына

4-қосымша

"ForteBank" АҚ инсайдері статусын жоғалту туралы заңды тұлғаға хабарлама

Осы арқылы "ForteBank" АҚ (бұдан әрі – Банк) _____ (заңды тұлғаның атауы) 20__ жылғы "____" _____ бастап Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңының 56-1-бабының 3-тармағына сәйкес Банк инсайдері статусынан айырылғандығы туралы хабарлайды.

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті және оны пайдалануды ішкі бақылау қағидаларымен Банктің корпоративтік сайтында (www.forte.bank) таныса аласыз.

Құрметпен,

Орындаған:

Тегі, аты, әкесінің аты

Тел:

Инсайдерлік ақпаратқа қолжетімділікті
және оны пайдалануды ішкі бақылау
қағидаларына

5-қосымша

НЫСАН

"ForteBank" АҚ инсайдерлерінің тізімі

№	Тегі, аты, болған жағдайда әкесінің аты (жеке тұлғалар үшін) Атауы (заңды тұлғалар үшін)	Түрі (жеке немесе заңды тұлға)	Туған күні (жеке тұлғалар үшін)	Орналасқан жері (заңды тұлғалар үшін)	Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігін (қайта тіркелгендігін) растайтын құжат деректемелері (заңды тұлғалар үшін)	Инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі	Инсайдерлер тізіміне қосу негіздемесі і туындаған күн	Инсайдерлер тізімін ен шығарған күн	Ақпарат берілген күні Банктің бағалы қағаздарына ие болу дерегі туралы мәліметтер
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Жеке тұлғалар									
Заңды тұлғалар									

FORTEBANK JOINT STOCK COMPANY

Approved

by Resolution of ForteBank JSC Board of Directors
(minutes of absentee vote
dated September 14th, 2017 No. 20 (z))

Effective

September 22nd, 2017

/seal: ForteBank Joint Stock Company
Corporate Secretary Service
No. KS-02P-SUVH-011
September 14th, 2017/

/round seal: ForteBank
Joint Stock Company
Astana, Republic of Kazakhstan/

GUIDELINES
for Internal Control over
the Access to and the Use of the Insider Information

Developed by:
Compliance Control Service

Astana
2017

These Guidelines for Internal Control over the Access to and the Use of the Insider Information (hereinafter – Guidelines) regulate the procedure of the internal control over the Bank’s insider information management and use.

Article 1. General Provisions

1. The Guidelines have been developed in compliance with the law of the Republic of Kazakhstan and the internal documents of the Bank and are applicable to the employees and other insiders of the Bank, also regulating control over the access to and the use of the insider information.
2. The Guidelines utilize the following basic definitions and conventional designations:
 - 1) **Bank** – ForteBank JSC;
 - 2) **insider** – a person with access to the insider information of the Bank. Insider list is determined in accordance with the Guidelines;
 - 3) **insider information** – reliable information on the Bank securities (derivative financial instruments) and transactions therewith, as well as on the Bank issuing (providing) the securities and on its operations comprising commercial secret, as well as other information unknown to the third parties, disclosure of which may impact the change in value of the Bank securities and/or the operations of the Bank as their issuer;
 - 4) **Bank corporate website** – the Internet resource owned by the Bank and used by the Bank to publish official information on the Bank operations, at the following Internet address: www.forte.bank;

Subparagraph 4 paragraph 2 of the Article 1 has been amended according to resolution of the Board of Directors of the Bank dated May 15th, 2020 (minutes of the meeting No. 14(z)).

- 5) **securities market manipulation** – actions of the financial market actors aimed at establishing and/or supporting prices (exchange rates) of the securities and other financial instruments, including foreign currencies and derivative financial instruments, at a level that is higher or lower than that which has been established as the result of the objective correlation of supply and demand, aimed at giving appearance of trading with securities or other financial instruments, or aimed at performing a transaction utilizing the insider information;
- 6) **Exchange** – stock exchange or the central securities depository when providing organizational and technical support of trading by operating and maintaining the system of quotation exchange between the clients of the central depository in compliance with the law on securities market;

Subparagraph 6 paragraph 2 of the Article 1 has been amended according to resolution of the Board of Directors of the Bank dated May 15th, 2020 (minutes of the meeting No. 14(z)).

- 7) **derivative financial instrument** – a contract the value of which depends on the value (including value fluctuation) of the contract underlying asset, allowing for settlement under that contract in the future. Derivative financial instruments include options, futures, forwards, swaps and other derivative financial instruments complying with these criteria, including the ones that are the combination of the abovementioned derivative financial instruments;
- 8) **CCS** – Compliance Control Service responsible for maintaining and updating the list of insiders and organizing acquisition of data on the insiders;
- 9) **National Bank** – The National Bank of the Republic of Kazakhstan;
- 10) **KASE** – Kazakhstan Stock Exchange JSC;
- 11) **AFR** – Agency for Regulation and Development of the Financial Market of the Republic of Kazakhstan.

Subparagraph 11 paragraph 2 of the Article 1 has been amended according to resolution of the Board of Directors of the Bank dated May 15th, 2020 (minutes of the meeting No. 14(z)).

Article 2. Basic principles of the insider information control

1. Control over management of the insider information and compliance with the requirements established regarding the insider information at the Bank by the insiders shall be performed by means of:
 - 1) notifying the insiders of them being put on the insiders list;
 - 2) making the insiders aware of the law of the Republic of Kazakhstan and the Guidelines by publishing the Guidelines on the Bank corporate website and conducting training of the insiders employed at the Bank;
 - 3) maintaining and updating the insider list;
 - 4) disclosing insider information in a manner and within the period established by the law of the Republic of Kazakhstan and the internal documents of the Bank;
 - 5) taking action against the insiders in case of them performing any actions prohibited by the Guidelines and the law of the Republic of Kazakhstan regarding the use of the insider information;
 - 6) presenting the list of persons included into the list specified in Article 5 of the Guidelines to the National Bank/AFR upon request.

Subparagraph 6 paragraph 1 of the Article 2 has been amended according to resolution of the Board of Directors of the Bank dated May 15th, 2020 (minutes of the meeting No. 14(z)).
2. It is prohibited for the employees and officials of the Bank to disclose, personally use or transfer to the third parties the insider information on the customers, investors and partners of the Bank.
